

«Табиғат» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Табиғат» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды туған өлке қоршаған ортасының экологиялық жағдайын зерттеуге тарту, жас ұрпақтың экологиялық тәрбиесі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуші табиғатты қорғау міндеттерін шешуге практикалық араластыру.

Байқаудың міндеттері:

білім алушылардың биологиялық алуантүрлілік формалары туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;

туған өлкенің табиғаты мен оны қорғау мәселелеріне танымдық қызығушылықты дамыту;

жас ұрпақтың арасында экологиялық білімді насихаттау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 14 қарашадан 2017 жылғы 1 ақпанға** дейін rumtsdo@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 1 ақпаннан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 9 ақпанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит», Астана қ.

Төлемақының мақсаты: «**Табиғат**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

8. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

- 1) қосымшаға сәйкес 1 өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлем туралы құжат (түбіртек немесе төлем тапсырмасын);
- 3) электронды түрде байқау жұмысын rumsdo@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

3. Байқау қатысушылары және қойылатын талаптар

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «ЭКСПО-2017 балалар көзімен» тақырыбы шеңберінде «Жасыл экономика» номинациясы – слайд-презентация.

Презентация энергияны үнемдеудің практикалық мәселелерін шешу бойынша және табиғат ресурстарына ұқыпты қарау мәселелері бойынша практикалық ұсыныстарды қамтуы тиіс. Сонымен қатар алынған және болжамды нәтижелерді көрсете отырып, энергиялық тиімді технологияларды ендіру бойынша іс-шараларды сипаттауы қажет.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар: слайдтар мөлшері 15, Microsoft Office Power Point форматында жасалуы қажет. Әрбір слайдтың тақырыбы, суреті (фото, сурет, сызба және т.б.) және мәтіні болуы қажет. Слайдтарға мәтін, кескін, анимация, дыбыстық сүйемелдеулер тіркелуі мүмкін.

2. «Қазақстанның биоалуантүрлілігі» номинациясы - видеоматериалдар байқауы.

Туған өлкенің алуантүрлілігін сақтау бойынша видеоматериалдардың қазақ немесе орыс тілінде сапалы дыбысталуы, AVI, MPEG пішімінде сапалы көрінісі болуы қажет, ұзақтылығы 5 минуттан артық емес. Жұмыс техникалық жағынан аяқталған болуы тиіс. Видеоматериал жоғары көркемдік сапада орындалған, деректі, анимациялық, ойын видео және т.б. түрде өзіндік режиссурасы болуы тиіс. Визуалды жеткізудің әртүрлі тәсілдері - түсірілім, анимация және компьютерлік графика құпталады.

3. «Биологиялық алуантүрлілік» номинациясы – сөзжұмбақтар байқауы. Байқау жұмысы табиғатты қорғау бойынша сұрақтардан, сөзжұмбақтың бос кестесінен, жауаптары толтырылған сөзжұмбақ кестесінен

тұруы қажет. Байқауға көлемі 20 сөзден аспайтын бір сөзжұмбақ қабылданады. Сөзжұмбақты ресімдеуді қатысушы өзі қарастырады (сурет, форма және т.б.).

Байқауға ұсынылатын жұмыстар сканерленіп немесе суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде жіберіледі.

Байқауға жеке жұмыстар қабылданады.

11. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;

ұсынылған тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі;

ақпараттың түпнұсқалығы мен мазмұндылығы;

тақырыптың қисындылығы мен толық ашылуы;

баяндаудың дәлділігі және қолжетімділігі, мәнерлілігі;

материалдардың көркемдік және техникалық сапасы;

шығармашылық деңгейдің автордың жасына сәйкестігі.

12. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

13. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс мәліметтері;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

15. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Табиғат» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Табиғат» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikkz>).

1- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8

2-қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Табиғат» республикалық интернет-байқауы
«-----» номинациясы
Тақырыбы:

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы
Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы
№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна
2016 жыл